



**Бицоева Анастасия,
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен
орталығының
7 сынып оқушысы**

Мен өмірімде Астанаға барған емеспін, бірақ бұл гажайып әдемі қала туралы көп естіп, көп оқығанмын. Астана гүлденіп келе жатқан жас қала. Астана – біздің Республикамыздың жаңа астанасы. Қаламыздағы жаңа, биік, әсем ғимараттар күннен күнге, сағат сайын өсіп келеді. Ұлы қаламыздың орталығынан орын алып тұрған “Бәйтерегіміз” көз тартарлықтай. Оның ең жоғарғы қабатынан Есіл өзенінің бойында орналасқан Астанамыз алақандағыдай болып көрінеді екен. Өте аз уақыттың ішінде қала тез өзгеріп кетті. Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, “Интерконтиненталь” қонақ үйі, зәулім үйлер, көп қабатты тұрғын үйлер, жасыл желек көшелері мен әдемі саябақтары қалаға келген қонақтардың көзіне бірден түседі.

Менің атам Астана туралы көп әңгімелейді. Ол Астана қаласында, жұмыс сапарымен бірнеше рет болған. Ал осы жылы атам әдейі мені қыдырту үшін Астанаға апаратынын айтты. Егер барсақ, мен бірден Бәйтерекке барамын. Онда Елбасымыздың алтыннан құйылған қолтаңбасы бар екен. Қолтаңбаға қолыңды салып, арман тілегінді айтсаң, арманың міндетті түрде орындалады дейді. Мен оған сенемін. Өйткені, ол – біз сенім артатын, өз елі үшін бар күшін салатын Президентіміздің қолтаңбасы. Бұл қолтаңба Елбасымыздың осында келген адамдардың әрқайсысына қол беріп – “Қош келдіңіздер!” – дегені ғой. Мен де барып, амандасып, Нұрсұлтан атамызға біздің осы жарқын болашық, бейбіт өміріміз үшін, тыныш ұйқымыз үшін зор алғысымды айтар едім.

Содан кейін ғана басқа жерлерді аралаушы едім. Океанариумға барамын. Онда балықтардың ұсағынан, ең үлкендеріне дейін бар дейді. Және онда акула, крокодил, суда жүретін жыландар мен тағы басқа теңіз тереңдігінде өмір сүретін жәндіктерді көруге болады дейді. Ең қызығы – оларды судың тереңінде жүріп, аквалангистер тамақтандырады екен. Бұны көруге еліміздің түкпір-тікпір жерлерінен, тіпті басқа елдерден де келеді дейді. Сонда біздің Астана туралы бүкіл жер шары біледі деп айтуға болады ғой. Қандай тамаша Осындай жетістіктеріміз үшін біз Елбасымызға шексіз рахметімізді айтамыз.

[Введите текст]

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз қызметін 19 жыл мінсіз атқаруда. Ол басқа елдермен жақсы қарым-қатынас жасап, келісім жүргізіп тұрады. Сондықтан біздің мемлекет бейбіт өмір сүреді. Нұрсұлтан Әбішұлы – тарихта мәңгі қалатын ұлы тұлға. Мен осындай күннен-күнге дамып келе жатқан, болашағы зор, көп ұлтты, бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекеттің азаматы болғанымға мақтанамын! Өсе бер менің елім, гүлдене бер менің жерім, жасай бер менің Астанам!

Астанам – қандай сұлу келбетің,
Сенде туып, сенде бүгін ержеттім!
Алысқа ұзап, арман қуып кетсем де,
Көз алдымда тұрат сенің суретің!